

Тайтөбе ауылының орта мектебі
әдістемелік кеңес отырысының
Хаттамасы № 2

30.10.2024ж

Қатысқандар:

Г. Алиева
Р. Жахин
С. Өміртаева
А.Омарбекова
Д. Арынгазина
Г. Куанышова
С.Искакова
А.Жилкибаева
Н.Букенов
С.Усенова
А.Қамасалиқызы

Күн тәртібінде

1. Білім жетілдіру – кәсіби кемелдену.
2. Пән бірлестігі құжаттарының жүйелі жүргізілуіне байланысты жұмыстар.
3. Педагог біліктілігін арттырудағы өз білімін көтеру жұмыстарының орны.
4. Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының мектепшілік кезеңін ұйымдастырып өткізу.

1. Тыңдалды: С. Өміртаева – директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары. Қазіргі қоғам адамнан прогрессивті ойлай алатын, белсенді әрекетті, жан – жақты болуды талап етеді. Біздің елімізде жаңаша білім беруде әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің қатарына ену мақсатында түрлі шаралар атқарылуда. Бүгінгі білім беру үрдісі адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әр адамның өзінің «Менін» сезінуге, толықтыруға көмектесетіндей, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарда өз орнын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуге белсенділік танытуға ықпал етуі тиіс. Бүгінгі таңдағы қоғам кәсіби білімі жетік, күзиретті, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді. Білікті ұстаз, білімді маман болу үшін — әрбір мұғалім өз білімін үздіксіз көтеріп отыруы тиіс. Білімін тұрақты көтеріп отыру – мұғалімдердің құқықтары әрі міндеттері, білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі, мемлекеттің дамуының құралы болып табылады.

Мұғалімнің кәсіби шығармашылығы -оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгеруімен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның білім беру аясы да соғұрлым кең болмақ.

Аталған талаптар мұғалімнің шығармашылық іспен айналысуын қажет етеді. Жаңашыл мұғалім – өзін – өзі дамытып отыратын тұлға. Олай болса «өзін – өзі дамыту немесе жетілдіру» деген не? Соған тоқталайық :

Өзін – өзі жетілдіру дегеніміз – өздігінен білім алу, өз бетімен оқу, жетілу процесі болып табылады.

Өздігінен білім алудың мақсаты:

Оқу және тәрбие әдістерін жетілдіру және кеңейту мақсатында жалпы педагогикалық және психологиялық білімдерін жетілдіріп, кеңейту;

Өз пәнінің саласы бойынша терең білім алу;

Озық педагогикалық тәжірибелер мен педагогикалық ғылым жетістіктерін меңгеру;

Мұғалімнің жалпы біліктілік, білімділік деңгейін жетілдіру, әдістемелік тақырыбы мұғалімдердің жұмыс жоспарында ашылуы тиіс. Осылайша, мұғалімнің кәсіби кемелденуі мен кәсіби өсуі жайында баяндама тыңдалды.

2. Тыңдалды: Р. Жахин – оқу жұмысы жөніндегі орынбасары. Пән бірлестігі құжаттарының жүйелі жүргізілуіне байланысты жұмыстар.

Әдістемелік бірлестіктің Ережеге сәйкес жүргізетін құжаттамасы бар. Ол Ереже барлық бірлестік жетекшілеріне берілді.

1. Әдістемелік бірлестік туралы Ереже.
2. ӘБ мұғалімдері туралы мәліметтер қоры: сандық және сапалық құрамы (жасы, білімі, мамандығы, оқытатын пәні, жалпы және педагогикалық өтіл, біліктілік санаты, марапаттары, зватағы, үй телефоны).
3. Өткен жылдағы жұмысқа талдау жасау.
4. ӘБ-тің ағымдағы оқу жылына арналған міндеттері.
5. Әдістемелік жұмыстың тақырыбы, оның мақсаты, жаңа оқу жылына арналған басымдыққа ие бағыттар мен міндеттер.
6. ӘБ-тің ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспары.
7. ӘБ-тің әрбір айға арналған жұмыс жоспары-торы.
8. ӘБ мұғалімдерінің өздігінен білім алу тақырыптары туралы мәліметтер.
9. ӘБ мұғалімдерін аттестаттаудың перспективалық жоспары.
10. ӘБ мұғалімдерінің ағымдағы жылға арналған аттестаттаудан өту графигі.
11. ӘБ мұғалімдерінің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары.
12. ӘБ мұғалімдерінің ағымдағы жылға арналған біліктілігін арттыру графигі.
13. Ағымдық бақылау жұмыстарын өткізу графигі (оқушылардың өздері немесе әдістемелік бірлестіктердің төрағалары енгізеді, мақсаты оқушыларға түсетін артық жүктемеден сақтандыру – күніне бірден көп емес бақылау жұмысы).
14. Тоқсанға арналған әкімшілік бақылау жұмыстарының графигі.

15. Пән бойынша ӘБ мұғалімдерінің ашық сабақтар мен сыныптан тыс шараларды өткізу графигі (мектеп директоры бекітеді).
16. (диагностиканың қорытындылары бойынша).
17. Әдістемелік апта өткізу жоспары (егер пән бірлестігі дербес өткізсе).
18. Бағдарламалар (пән бойынша авторлық, факультативтер, үйірмелер).
19. Оқу бағдарламалары және олардың пән бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі туралы ақпарат.
20. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау (пән бойынша, жеке, факультативтік сабақтар бойынша, пәндік үйірмелер бойынша).
21. Жас және ӘБ-ке жаңадан келген мамандармен жұмыс жоспары.
22. Пән аптасын өткізу жоспары.
23. Мектепшілік бақылаудың нәтижелері (жедел-, ақпараттық және талдаушылық анықтамалар), диагностиканың нәтижелері.
24. ӘБ отырыстарының хаттамалары.

4. Тыңдалды: С. Өміртаева – директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары. Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының мектепшілік кезеңін ұйымдастырып өткізу. Жалпы пәндер бойынша мектепшілік пәндік олимпиадасы 31 қазан күні ұйымдастырылып өтті. Барлығы 180 оқушы қатысты. Аудандық кезеңге қатысатын оқушылар іріктеліп алынды.

Шешім:

1. Пән бірлестігі құжаттарын бірлестік жетекшілері уақтылы және жүйелі жүргізілсін.
2. Әрбір педагог біліктілігін арттырудағы өз білімін көтеру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізісін.
3. Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының мектепшілік кезеңінің жеңімпаздары марапатталып, аудандық кезеңге дайындық жұмыстары жүргізілсін.

Төрайымы

Хатшы




Г.Алиева

А.Омарбекова